

№ 3 дәріс.

Кеңестік Қазақстанның
тарихи бастаулары:
қазақтандыру
қиыншылықтары.

Дәрістің жоспары

1. Өлкедегі Ұлттық үкіметтердің және Кеңестердің билік үшін күрестері және Азаматтық қарсыласу жылдарындағы Қазақстан.
2. Қазақстанды кеңестендіру ерекшеліктері.
3. Қазақ АКСР-інің құрылуы және Кеңестік тоталитарлық басқару жүйесінің негіздерінің қалыптасуы.

Қазақстандағы Азамат соғысының ошақтары

- Чехословак корпусының бүлігі – 1918 ж. мамыр. (Петропавл, Ақмола, Қостанай, Семей);
- Атаман Дутов казактары (Орынбор жері) – Қазақстанды Ресейден бөліп тастады;
- Жетісу казактары
- Сібірден адмирал Колчак екі бағытта – Ресейге және Жетісуға (атаман Анненков) шабуылдады;
- Иран жерінен ағылшындар қаупі;
- Алашорда үкіметі Дутовпен кейін Колчакпен келісімге келді.

Қазақстандағы Азамат соғысының ошақтары



“Әскери коммунизм” саясаты

1. Азық – түлік салғырты енгізілді.
2. Жеке саудаға тыйым салынды.
3. Азық – түлік теңгерме ұстанымы бойынша бөлінді.
4. Ірі, орта және ұсақ өнеркәсіптер мемлекет меншігіне көшірілді.
5. Жалпыға бірдей еңбек міндеттілігі енгізілді.
6. Басқару ісі орталықтандырылды.
7. Коммуналдық жол – қатынасы қызметі (услуга) тегін болды.

Кеңестер билігі

- Жетісу, Сырдария, Торғай, Бөкей Ордасы, Ақтөбе жерінде қалды.
- Шығыс және Ақтөбе майданы құрылды;
- 1918 ж. 29 мамыр Әскери мобилизация;
- Қызыл әскер бөлімдерін құру жүрді (Бөкей Ордасы, Жетісу, Семей т.б.);
- Ә. Жангелдин экспедициясы (Маңғыстау-Шалқар).

Кеңестік күштердің қолбасшылары:

- М.В.Фрунзе;
- М.Тухачевский;
- В.И.Чапаев;
- Ә. Жанкелдин;
- А.Иманов;
- Д.Фурманов;
- П.Кобозев;
- Б.Жәнекешов

“Алашорда” кімнің жағында болды?

1. “Алаш” автономиясын құру әрекеттері;
2. Кеңестерге қарсы тұрды;
3. Дутовпен келісімге келді;
4. Сібір автономиясымен , кейін Сібір Директориясымен (Колчак) келісімге келді;
5. Алашорда қарулы күштерін құруға кірісті;
6. Сібір үкіметінің Алашорданы мойындамауы;
7. Кеңестермен 1919 (Ә.Жангелдинмен) кездесіп, келісімге келді.
8. Кеңестер жағына шығып, олардың билігін мойындады.

Нәтижелері:

- 1919 ж. Шығыс майданда Колчак әскері жеңілді;
- 1920 ж. Жетісу майданы жойылды.
- Экономика мен халық шаруашылығы құлдырады;
- Демографиялық жағдай (8 млн.адам қаза тапты);
- 1921-22 жж. ашаршылық
- Халыққа ақтар тарапынан көрсетілген зорлық күшейді, нәтижесінде халық Кеңестер билігіне бет бұрды.

- 1919 жылы 10 шілдеде РСФСР Халық Комиссарлар кеңесі «Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет құру туралы» декрет қабылдады. (Кирревком)
- Казревком міндеттері:
 1. Контрреволюция мен интервенцияға қарсы күресу.
 2. Өлкеде мемлекеттік, шаруашылық, мәдени құрылыс орнату.
 3. Өлке Кеңестерінің құрылтай съезін әзірлеу.
- 1920 жылы 9 наурызда Алашорданы тарату туралы Казревком шешімі қабылданды.
- Казревком мәдени құрылыста біршама жұмыстар атқарды:
 - «Ұшқын» газетін шығарды.
 - Қалаларда мұғалімдер даярлайтын мектептер жұмыс істеді.
- Қазақ жерлерін біріктіру жөнінде жұмыстар атқарды

- 1920 жылы 26 тамызда «**Қырғыз (қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік республикасын құру туралы**» декрет жарияланды .
- **Орынбор** қаласы – астана (1920 – 1924 жж.).
- **Территориясы** – Семей, Ақмола, Торғай, Орал облыстары, Манғышлақ уезі, Красноводск уезінің бір бөлігі, Астрахань губерниясының бір бөлігі.
- Жетісу мен Сырдария облыстары Түркістан Автономиялы Кеңестік Социалистік республикасының құрамына енгізілген болатын (1918 ж). Халқы – 5 млн.-ға жуық адам.
- 1920 жылы 4 қазанда Орынбор қаласында Қазақ АКСР Кеңестерінің съезі өтті.
- Мұнда жоғарғы өкімет органдары сайланды: Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы С. Мендешев, Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы В. А. Радус – Зенькович болды.
- Съезде «**Қазақ АКСР еңбекшілері құқықтарының декларациясы**» қабылданды.

Жаңа өкіметтің шаралары

1. Жаңа экономикалық саясат;
2. 1921-22 жж. аштық салдарларымен күрес;
3. Жер-су реформаларын жүзеге асыру;
4. Қазақ жерлерін біріктіріп, территориясын айқындау;
5. Саяси насихаттар жүргізу және “ескілікпен” күрес;
6. Сауатсыздықпен күрес

1. Жаңа экономикалық саясат. 1921 ж. БКП (Б) X съезі

- Салғыртты салықпен ауыстыру;
- Сауда еркіндігі;
- Жерді және ұсақ кәсіпорындарды жалға, ал ірі кәсіпорындарды концессияға беру;
- Еңбек міндеткерлігінің жалдамалы жұмыспен ауыстырылуы

Нәтижесінде:

- Егіс көлемі ұлғайды;
- Мал шаруашылығы қарқынды дамыды;
- Өнеркәсіп орындары көбейді;
- Жәрмеңкелеік сауда қалпына келтірілді;
- Кооперативтік шаруашылықтар құрылды

2. 1921-22 жж. аштық және оның зардаптарымен күрес

Себептері:

- қуаңшылық;
- Азық-түлік салғырты;
- Ашығушылар саны 1921 ж. 1,5 млн.,
- 1922 ж. 2,3 млн. адамға жетті;

Салдарларын жою:

- Егін шықпаған аудандарға тегін дән беру;
- “Нақты ет салығы туралы” Декрет;
- Ауылшаруашылық машиналарын алуға қаржы бөлу;
- Мал сатып алуға ақша беру;
- Түркістан өлкесінің көмегі;
- Балалар үйлері мен балалар баспаналарын ұйымдастыру;
- Арал балықшыларының Еділ бойына 14 вагон балық жіберуі

3. Жер-су реформалары

- Жер мәселесіндегі патша үкіметінің отаршылдық саясатының зардаптарын жою.
- 1921 ж. сәуір. бұрынғы Сібір және Орал казак әскерлеріне берілген жерді қазақтарға қайтару туралы декретү
- Ертіс өңірінен 177 мың десятина жер қайтарылды. Оралдың сол жағалауынан 208 мың десятина жер қазақтарға берілді.
- 1921 жылы Жетісуда жер – су реформасы жүргізілді. Нәтижесінде қазақ, қырғыз, ұйғыр еңбекшілеріне 460 мың десятина жер қайтарылды.
- Сонымен бірге Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның қазақ және орыс халқына жер беру үшін көлемі 1 млн. десятинадан астам жер қоры құрылды.
- 1921-1922 жылдары аграрлық қайта құрулар нәтижесінде 300 мың адам Қытайдан Қазақстанға оралды.

4. Қазақ жерлерін біріктіру

Территориялық таластар:

- Сібір жеріндегі облыстар (Ақмола, Семей).
- 5 рет талқыланып, қазақ зиялылары В.И. Ленинмен кездесіп дәлелдеп шықты;
- Орынбор территориясы (Ресей құрамы) – 1924 ж.дейін;
- Закаспий және Кавказға қараған жерлер (Маңғыстау территориясы);
- Сырдария және Жетісу облыстары (Түркістан АКСРі);

ҚазАКСР құрамына енгізілген аймақтар:

- **Семей облысы** – Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан, Қарқаралы уездері.
- **Ақмола облысы** – Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Петропавл, уездері және Омбы уезінің бір бөлігі.
- **Торғай облысы** – Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз, Торғай уездері.
- **Орал облысы** – Орал, Ілбішін, Темір, Атырау уездері, Маңғыстау уезі.
- **Закаспий облысы** – Красноводск уезінен 4,5 Адай облыстары. Астрахань облысының бір бөлігі.
- **Бөкей ордасы және Каспий теңізі жағасындағы болыстар.**

Ал 1924 жылы Орта Азияны межелеуден соң:

- **Сырдария облысының** Қазалы, Ақмешіт (Қызылорда), Түркістан, Шымкент уездері;
- **Әулиеата уезінің** көп бөлігі;
- **Ташкент, Мырзашөл** уезіндерінің бір бөлігі,
- **Жетісу облысының** Алматы, Жаркент, Лепсі, Қапал (Талдықорған) уездері Қазақстанға қарады.

- **1928 жылы республикада жаңадан аудандастыру жүзеге асырылды.** Республика 5 буынды – ауыл, село, болыс, уезд, округ, орталық басқару жүйесіне көшірілді. Республика 1 автономиялы облысқа, 13 округ, 192 ауданға бөлінді.
- **Жаңадан аудандастырудың маңызы:**
 1. Кеңес аппаратының халық бұқарасына жақындай түсуіне, халықты кеңестік құрылысқа тартуға көмектесті.
 2. Ұлтшылдық егестерді тоқтатты.
 3. Рулық ауылдарды жойып, шаруашылық – территориялық Кеңестер құру қажеттігін көрсетті.
- 1929 жылы Қазақ АКСР – ының астанасы Қызылордадан Алматы қаласына көшірілді.

5. Жаңа саяси өзгерістер

- РСДЖП енді БКП (б) – Бүкілресейлік Коммунистік партиясы деп аталды;
- Қазақстанда партия мүшелерінің санын көбейту;
- Бүкілресейлік Коммунистік Жастар Одағы (комсомол) мүшелерін көбейту (Ғ.Мұратбаев, М.Төлегенов, Қ.Тәштитов т.б.);
- Кәсподақтар құрылды;
- Әйелдер қозғалысы (Н.Құлжанова, А. Оразбаева, Ш.Иманбаева, С.Есова);
- Қызыл отаулар ұйымдастыру;
- Кеңестендіру мен сауаттандыру.

Мәдени құрылыстың міндеттері

- Сауат ашу және саяси білім тарату шараларын жүзеге асыру;
- Қазақстандағы оқу-ағарту мекемелерін бір жүйеге келтіру, оқытуды бірыңғай оқу бағдарламасымен жүргізу. Қазақстанда орта арнаулы және жоғары білім жүйесін құру.;
- өлкеде өнердің жаңа түрлерін — [музыка](#), [театр](#), [кино](#), [бейнелеу өнерін](#), т.б. қалыптастыру;
- Қазақстанда ғылымды дамыту үшін ғылыми мекемелер жүйесін құру;
- жергілікті халықтың қоғамдық және жеке өмірдегі рулық және діни наным-сенімдерін жойып, кеңес адамының жаңа өмір салтын енгізу;
- социалистік қоғам құру міндеттерін шешу үшін ұлттық кадрларды даярлау;
- Алаш зиялыларын осы құрылысқа тартуға мәжбүр болды

Осылайша:

- Қазақ жерлерінде Кеңестік құрылыс орнығып, бұқара еңбекшілер мүддесін қорғайтын саясат жүзеге асырыла бастады.
- Ұлттық кадрлар жетіспегендіктен орталықтан мамандар жіберілді;
- Бірақ, оны жүзеге асырушылар көп ретте өлкенің ұлттық, шаруашылық, әлеуметтік, мәдени ерекшеліктерін түсіне алмады;
- Нәтижесінде “Асыра сілтеу” саясаты орныға бастады.